

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3 (68)

НАУРЫЗ 2019



Әбдіжәміл  
НҰРПЕЙІСОВ:  
"ҚАЗАҚТЫҢ  
ЧЕХОВЫ"  
4-БЕТ

Қали СӘРСЕНБАЙ:  
"ЖАЗУШЫНЫҢ  
ЖҮРЕГІ"  
16-БЕТ

Рахымжан  
ОТАРБАЕВ:  
"БАС" романы  
72-БЕТ

Сүлеймен  
ШАТҒАН:  
"БҰЛТСЫЗ КҮНГІ  
НАЙЗАҒАЙ"  
12-БЕТ

**Рахымжан ОТАРБАЕВ:**

**«Сіздермен қанаттас өмір  
сүргеніме бақыттымын»**



Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ,

Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері,

## ТҮСІНІКСІЗ...

Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсіреповтер бастап, Әбдіжаміл Нұрпейісовтер хоштаған алыптар тобы мен Әбіш Кекілбай, Мұхтар Мағауин, Асқар Сүлейменов, Төлен Әбдік, Дулат Исабековтердің алпысыншы жылдардағы асау толқынынына ілескен Тынымбай Нұрмағанбетов, Несіпбек Дәутаевтардың жұлдызды шоғырында қазақтың жүрегіне түскен Рахымжан Отарбайдың жарық сәулесі елден ерекше болды десе болады.

Екеумізді Тәңірі өткен ғасырдың 80-шы жылдары табыстырды. Оның тұла бойындағы тұнып тұрған әдебиетке деген адалдық, Атыраудың айдынындай терең талант, ер жігітке ғана тән ерен кісілік, қолына қалам ұстағандардың көбінен көрініп тұратын қулық, сұмдық дейтін пәлекеттің, мүлдем, жоқтығы тәнті етіп еді мені. Мен оған бар-жоғы екі-ақ өлең арынаған екем; біреуі-- көзі тірісінде, біреуі — фәниден бақиға көшкен күні... Бір-бірімізге жылы лебізімізді айтуға «қол тимейтін» заманда, көкейімдегі ынтызар сезімді жеткізіп, үлгерген екем, — бүгін соған Құдайға тәуба деп отырмын.

Ай, аймедет ер Доспамбет көкем-ай...

(15 ғ.)

Мұсылманның баласы түгілі, ,  
Көрген кезде кәуір танар есінен,  
Азаулының Стамбұлдан несі кем?  
Аймадет Ер Доспамбет жыраудың  
Би ұлынан несі кем,  
Хан ұлынан несі кем?!  
Азаулыда ақшалмалы пірлердің,  
Мешітте жаққан шамдары самдай жарқырап,  
Бекзада дәурен кешіп ең;  
Түбі түрік түгілі,  
Адамзатта асқақ еді-ау, — несібең!

Қоғалы көлдер, қом сулар,  
Сайраған бұлбұл, көкегі-ау!  
Аталар сонда арыстандай бұтын алшайтып,

Арғымақ мінген екен-ау!  
Саңқылдап жүрген екен-ау,  
Қарқылдап күлген екен-ау!  
Атырау-Арқа-Алатау-Алтай төсінде  
Найзасының жебесіндей ұшқан екен-ау,  
Жұпарын қардай боратып,  
Ару да құшқан екен-ау!

Қыран едің қырдан көкке самғаған,  
Қанатыңнан қайырылдың,  
Маң-маң басқан, маң басқан,  
Төрт аяғын тең басқан,  
Шудаларын шаң басқан,  
Өркештерін май басқан қара нарың бар еді,  
Одан-дағы айырылдың!

Аузы түкті бұ кәуір жекпе-жекте сынасар  
Тектінің ұлы емес-ті,  
Құтылмақ боп со сұмнан,  
Қырында киік жайлаған,  
Суында балық ойнаған Жемде қылдың кеңесті,  
Одан да елді көшірді!

Ойыл деген — ойың-ды,  
Отын тапсаң — тойынды,  
Ойылда құрдың кеңесті,  
Одан да елді көшірді!

Қайтейін сені, нар тұлға,  
Ойыл да Қиыл, Жем, Сағыз қалып артыңда,  
Ақ Жайыққа қарайлаған қалпыңда;

Сынаптай уақыт бір орында тұрмай зырылдап,  
Жаным бір олжа демедің,  
Боз далада боз торғайдай шырылдап,  
Шаһит кешкен сен едің!,

Содан да кейін ел көшті, талай жел де есті,  
Аузы түкті кәуір ап бел-белесті;  
Ата жау қоймай, — егесті!

Кезі келген күнінде  
Найзам менің зеңбірекпен теңесті,  
Кіндігіңнен туған жұрт есемді алам деп өсті!  
Құтылмақ боп со сұмнан  
Жымпитыда құрдым кеңесті,  
Семейде құрдым кеңесті;  
... Шығысында Айдаһары ысылдап,  
Батысында Аю ақырған,  
Менің де шерім сенен де бір кем емес-ті...

Таяуда кеудесі аяқ қаптай бір дәлдүріш  
70-ке келдім деп, «шығармашылық кешін»  
өткізді. Кешіне айналасы жиырма бес шамалы  
көрермен келіпті. Үш жүз, төрт жүз адам сия-  
тын ат шаптырым залда көзге шыққан сүйелдей  
солар шоқиып отыр. Жетпіс жыл бойы өзінің  
күнкөрісін күйттеп, әдебиетке еңбек сіңірмеген  
жазарман, мықтыларға еліктеп-солықтап,  
бірдеңелер жазғандай болған. Қолына қалам  
ұстағалы вариация жасаумен ғана айналысқан  
еді. Өлеңдерінде өзінің бет-бейнесі жоқ. Бар  
жеткен жері өлең жазудың техникасын біліп  
алған-- машықтанған өлеңші. Сол күні түсіме  
мархұм Рахымжан Отарбай кіріп, түнде шошып  
ояндым; қамшының сабындай қысқа ғұмырын  
қазақ әдебиетіне арынаған, қайран, боздақ!  
Арман-аңсары ішінде кетті! Бар-жоғы 61 жа-  
сында о дүниеге аттанды, биыл ақпанның 22  
жұлдызында мына жалғандағы Рахымжансыз  
өткен ит тірлігіме бір жыл болады. Бүгін Фб-дан  
жары Сәуле Отарбайдың естелігін оқып, тағы  
бір егілдім! Сәуле Ғалым Жайлыбай Атырауға  
барғанда «Рахаң Секеңді жақсы көруші еді. Осы  
елге екі рет келіп кетті деп естідім...»-деп, маған  
өкпелеп жүр екен. Мені Рахаң фәниден бақиға  
кеткеннен кейін Атырауға екі мәрте шақырғаны  
рас. Бір рет Қойшығұл Жылқышиевтің мерей-  
тойына, екіншісінде Мереке Құлкенов бау-

ырым Жүмекең өлеңдерінің республикалық  
көркемсөз оқу жарысына шақырған, бірақ,  
мен бір шаруалармен бара алмай қалып  
едім. Барсам-- Рахаңның шаңырағына кіріп,  
құран оқытып шығар едім ғой? Онсыз да осы  
Қарағандыда аруақтарға құран бағыштағанда  
оның да атын қосып жүрем.

Енді Рахымжанның екінші өмірі басталғалы  
жатыр. Рахаңның көзі тірісінде өзі ұйытқы бо-  
лып өткізген Атыраудағы театр фестивалін оның  
өз атына меншіктеп, оны жыл сайын өткізуді  
дәстүрге айналдырса деген ой бар менде. Артын-  
да қалған мәңгі өлмес мұрасын түгендеп, әдеби  
айналымға түсіру қажет.

... Мынау менің сол күні, (22.02.2018 ж.)  
қаралы хабар жеткенде жазған өлеңім еді:

Рахымжан дейтұғын бір боздақ та өтті,  
Қазақтың қайғы-мұңын қозғап кетті.  
Бұ жақта ел де мәз ғой, жел де мәз ғой,  
Бұ боздақ неменеге боздап кетті?!  
Түсініксіз...

Аруақ оның көзін оның байлап өтті,  
Атыраудан, неге, әйтпесе,- Айға кетті?  
Қорғайтын, қайран, ұлын, қайда барса,  
Ғайып ерен, қырық шілтен қайда кетті?  
Түсініксіз...

Деуші едік: «Құдай--жалғыз. Ұлым — жалғыз.  
Жұртым-ай, ұл туа бер!  
(Құл тумаңыз?!»)  
Таңданып, түк түсінбей бұ жалғаннан,  
Сандалып қалдық соның жұртында біз,-  
Түсініксіз...

Ия... Маған бәрі де түсініксіз боп барады.  
Ақылым-алтау, ойым-жетеу...

16.02.2019 ж.



Германия 2017жыл